

FTAMP 21.15.47

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o5>**Керім Ш.Т.¹, Альмухаметов А.Р.²**¹филология ғ.д., профессор, e-mail: dr_shams2006@yahoo.com²философия ғ.к., доцент, e-mail: alirauf210@mail.ru

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ТАДЖ АД-ДИН ӘЛ-ЖЕНДИДІҢ «ӘЛ-ИҚЛИД» КІТАБЫ

Мақалада танымал тілші ғалым, араб тілі грамматикасына арналған бағалы еңбектердің авторы, Сыр бойындағы ортағасырлық Жент қаласының тумасы Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Жендидің (700/1300ж.к.б.) «әл-Иқлид»(Кілт) атты шығармасы сөз болады, кітаптың сипаты, мәні, маңызы сараланады. «Әл-Иқлид»(Кілт) Әбу әл-Қасим Махмұд ибн Омар аз-Замахшаридің «Муфассал»(егжей-тегжейл) атты араб тілі грамматикасы бойынша классикалық жұмыс болып саналатын кітабын түсіндіретін шарх. «Әл-Иқлидте» аз-Замахшаридің аталмыш кітабына маңызды әрі дәлелді түсініктер берілген, айқын сілтемелерге жүгінген, тілдік әрі грамматикалық қағида-ережелерге дәйек ретінде Құран Кәрім мен хадис шәріпке сүйеніп, белгілі мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, поэзиялық туындылар мен өлеңдер мысал ретінде беріледі. Әл-Женди келтірген грамматикалық талдаулар басқа шархтардың ешқайсысында қайталанбайды. Автор бұл шархында араб тілі грамматикасының қиын сұрақтарына жауап табуға, сөздердің ишаралы жасырын мағынасын ашуға күш салған.

Түйін сөздер: араб тілі грамматикасы, тілші ғалым, Құран, сөз, түсіндіру, ереже, Басра және Куфа мектептері, имам, Ислам.

Kerim Sh.T.¹, Almuhametov A.R.²¹Doctor of philology science, professor, e-mail: dr_shams2006@yahoo.com²Doctor of philosophical science, assistant professor, e-mail: alirauf210@mail.ru

Nur-Mubarak Egypt for islamic culture university, Kazakhstan, Almaty

The Book “Al-Iqleed” of Tadj Ad-Deen Al-Jendy

The article studies about Tadj ad-deen Ahmad ibn Mahmoud ibn Omar al-Jendy's works who was born in a medieval town Jent (died in 700/1301, currently, the Kyzylorda region, Kazakhstan). He is the famous linguist, the author of significant works on Arabic grammar. The article analyzes the character, substance, and the value of his famous book “Al-Iqleed” (Key). Al-Iqleed is the comment on the book “Mufassal” by Abu al-Kasym Mahmoud ibn Omar of az-Zamakhshari, which is considered as a classic work on Arabic grammar. In al-Iqleed are given important and reasonable comments on Az-Zamakhshari's book. Moreover, Quranic texts and texts of Hadiths, proverbs and sayings, aphorisms and also works of poetry according to grammar rules are provided as examples. The grammatical analysis that Al-Jendy uses in his research is not repeated in any other remained comments made on this book by different authors. The author concentrated his attention on examining of ambiguously resolved issues in Arabic grammar, trying to find the most exact interpretation and the hidden sense in word meaning.

Key words: Arabic grammar, linguist, Qur'an, word, explanation, rule, school of Basra and Kufa, imam, Islam.

Керім Ш.Т.¹, Альмухаметов А.Р.²¹доктор филологических наук, профессор, e-mail: dr_shams2006@yahoo.com²кандидат философских наук, доцент, e-mail: alirauf210@mail.ru

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

Книга «Аль-Иклид» Тадж Ад-Дин Аль-Дженди

В статье рассматривается труд «аль-Иклид» Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмұд ибн Омар аль-Дженди (умер в 700/1301 г., уроженец средневекового города Джент (ныне – Кызылординская

область, Казахстан), известного языковеда, автора значимых трудов по грамматике арабского языка. В работе проанализированы характер, сущность и ценность его известной книги «аль-Икклид» (Ключ). «Аль-Икклид» является комментарием к книге «Муфассал» Абу аль-Касым Махмуд ибн Омар аз-Замахшари, которая считается классической работой по грамматике арабского языка. В «аль-Икклид» даны важные и обоснованные комментарии к названной книге аз-Замахшари, в качестве примеров приведены Коранические тексты и тексты хадисов, пословицы и поговорки, афоризмы, а также произведения поэзии в соответствии с грамматическими правилами. Аль-Дженди использует в своем исследовании грамматический анализ, который не повторяется ни в одном из сохранившихся комментариев к этой книге разных авторов. Автор сосредоточил свое внимание на рассмотрении неоднозначно решаемых вопросов в грамматике арабского языка, пытаясь найти наиболее точное толкование и скрытый смысл в значении слов.

Ключевые слова: грамматика арабского языка, языковед, Коран, слово, объяснение, правило, школа Басры и Куфы, имам, ислам.

Кіріспе

Орта ғасырларда Қазақстанда ислам дінінің орнығуымен бірге араб филологиясы ілімдері дамыды, Құран кәрімді терең түсіндіріп, дұрыс үйретудің маңызы арта түсті. Осындай қажеттіліктің туындауын ескерген қазақстандық ғалымдар да араб тілі сөздіктерін құрастырды, араб тілінің грамматикасы мен риторикасын зерделеп, осы ілімдер бойынша салмақты туындылар жазды. Сол заманнан артына елеулі еңбектер мирас еткен ғалымдарының кейбіреулері ортақ “дин”, яғни “дін» сөзімен байланысты *Ала ад-дин әл-Исбиджаби, Сираж ад-дин ас-Саккаки, Тадж ад-дин әл-Женди, Хұсам ад-дин ас-Сығнақи, Ала-дин – діннің шыңы, Сираж ад-дин – діннің шамшырағы, Хұсам ад-дин – діннің қылышы, Қауам ад-дин – діннің тірегі* сынды лақаптарды, сондай-ақ оларға «имам алама», яғни «имам ғұлама» деген атақтарды иеленуі жайдан-жай емес. Демек осы абзал жандардың мойындалған, танылған лақаптары мен атақтары қызметтерінің дінге, дін ғылымына тікелей қатыстылығын айғақтайды. Қазақстаннан шыққан ортағасырлық аса көрнекті ғұламалардың денінің кіндік қаны тамған жері – кенттер, Испиджаб, Фараб, Ясса, Сығанақ, Женд сынды Жібек жолы бойындағы сауда, экономикасы дамыған шаһарлар болғандығын аңғарамыз. Еліміздің оңтүстігіндегі қалаларда дүниеге келген бір шоғыр ғалымдар ислами ой-пікірдің, ілімінің араб тіл білімі тарихында өзіндік қолтаңбаларын қалдырды.

Негізгі бөлім

Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Женди жайлы Қазақстанда алғаш рет профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі «Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері» (Дербісәлі, 2008:144), кейін «Руханият және өркениет. Зерттеулер мен мақалалар» атты еңбегінің «Орта

ғасырлардағы Женд және жендтік ғалымдар» деген бөлімінде алдыңғы кітабында ұсынылған мәліметтерін толықтыра түскен (Дербісәлі, 2016:218-225).

Ғұламаның туған жылы туралы дерек табылмады, тек ғана оның 700/1300 жылы қайтыс болғандығы белгілі.

Әл-Жендидің “Әл-Иқклид” кітабы – Әбу әл-Қасим Махмұд ибн Омар аз-Замахшаридің(1075–1143) “Муфассал”(Егжей-тегжейлі) атты араб тілінің грамматикасы туралы атақты кітабына жасалған шарх жұмыс.

«*Иқклид*» араб тілінде «*кілт*» деген мағынаны білдіреді. Кітабының бұлайша аталу себебі жайында автор былай дейді: «*сиқырлы әлемнің сырын ашатын құпия мағыналардың «кілті» – «әл-Иқклид» аталатын осы шығармаға топтастырдым*».

Автор: «*Бұл кітап алты жүз алпыс алтыншы жылдың жумади әл-ахира айында ислам елдерінің шеті болып саналатын Бұхарада өте көркем жазумен әрі үлкен табыспен жазылып шықты*», соңғы тарауында «*Мен оны Бұхарада жаздым, оған бар күшімді салып еңбек еттім*», кіріспесінде: «*Уәде берген едім. Оны орындауға тырыстым, кеудесін жоғары ұстап сырын жасырғысы келгеннің пердесін сытырып, әдеби құпиясына көпті қанықтырғым келді*» – десе, ал қорытынды бөлімінде: «*Мен бұл шығарманың жасырулы жатқан алтын көмбесін ашуға уәде еткен едім, оның көпке беймәлім қырларын көрсетуге ұмтылдым, одан ойшылдар мен білімқұмарлар өзіне қажеттісін табар, иненің көзіндей тар саңылаудан сәулесі шашылар деген ойдамын*» – деп жазған.

«Әл-Иқклидті» қолжазбалары негізінде зерттеп, докторлық диссертация қорғаған – ғалым Мұхаммад Ахмад Әли Әбу Китаһ ад-Даруиш еңбекті ғылыми алғы сөз, түсініктерімен 4 том

етіп 2002 жылы Сауд Арабиясы Корольдігінде бастырды (Мұхаммад Ахмад, 2002 / 2005-2006 жылында 7 октябрь университетінде (Египет) Мустафа Сәлим Милад әл-Мазук «әл-Икclidтің» қолжазбасының басынан бір бөлімі негізінде магистрлік диссертация жазып қорғады (Мустафа Сәлим, 2006). Біз осы мақаламызда араб тілінде дайындалған осы екі диссертацияның түйіндеріне сүйендік.

Әбу әл-Қасим Махмұд ибн Омар аз-Замахшари (1075 – 1143) тірі кезінің өзінде-ақ «Устазу ул-араб уа аджам («Арабтар мен араб еместердің ұстазы»), «Фахр у Хауразм» («Хорезмнің мақтанышы») деген атқа ие болған. Оның исламтану, лексикология, грамматика, аруд, әдебиет, логика салалары бойынша 50-ге тарта еңбегі бар. «Муфассал фи санат-ил ирааб» флексияның жасалуы туралы егжей-тегжейлі (талдау)» – 1119–1121 жылдар аралығында жазылған аса танымал, араб тілінің грамматикасы жан-жақты түсіндірілген кітабы. – اعراب «ирааб» араб тілінде тіркес, грамматикалық талдау, флексия, синтаксис деген лингвистикалық мағыналары бар сөз. «Әл-Муфассалдың» өз уақытында араб тілін оқытуда маңызды болған, аюбиттер дәуірінде Мысыр мен Шамда кеңінен қолданылған, тіпті, патша осы кітапты жатқа білгендерге мың динар, басқа сый беруге уәде берген. Бұл еңбек араб грамматикасы саласында маңызы жағынан көрнекті тіл ғылымы Сibaуайһидің «Китабу Сibaуайһи» атты кітабынан кейін екінші орын алады, осы кітапқа жасалған түсініктер өте көп. К.Брокельманның мәліметтеріне қарағанда, «әл-Муфассалға» жазылған шархтың саны отыздан асады, Мууаффақ ад-дин Әбу Бақа Йайыш ибн Әли Йайыш әл-Халаби (1158-1245), Фахр ад-дин Мұхаммед ибн Омар ар-Разий (хижраның 606 жылы қ.б.), Мұхаммед ибн Сайд ал-Маруазий (хижраның 609 жылы қ.б.), Мұхаммед Мадж ад-дин әл-Қасим ибн әл-Хүсейн, Фахр ад-дин әл-Хорезми, Әбдусамат Сахауи, Әбдул-уаһид ибн Әбдулкарим Әнсари, Жақуб Муртази, Бахр ад-дин Фарис ан-Насани ал-Халаби, т.б. жазған шархтар мәлім.

«Әл-Муфассалды» алғысөз, түсініктерімен баспаға дайындаушы доктор Халид Исмаил Хасан осы туындыны түсіндірген 22 шарх бар екендігін, оның кейбіреулерінің еңбектегі тек өлеңдерге жазылған шарх екенін айтады (Халид Исмаил Хасан, 2006: 20). Әл-Хорезмидің «ат-Тахмир» атты кітабын зерттеген доктор Әбду ар-Рахман бин Сүлейман әл-Усайимин «әл-Муфассалға» жазылған 94 шархты санамалап

көрсетеді, оның 69-ның авторы бар, 11-ның авторы белгісіз, 14-і тек өлеңдеріне жазылған түсініктер, бұдан тыс «әл-Муфассалды» қысқартқан үш ғалымның еңбегін, өлеңге айналдырған төрт қаламгердің туындысын, сондай-ақ «әл-Муфассалға» еліктеп жазылған екі кітапты (қарсы), жауап түріндегі 1 кітапты, барлығы 104 жұмысты тізбелеп шығады.

Ал аз-Замахшари акидалық ұстанымы жағынан мутазалит, лингвистикалық ұстанымы Басра мектебінің жолында болды. Мутазалия ағымында ақылға көбірек сүйенеді, нақылда қиясқа көбірек жүгінеді. Басра лингвистикалық мектебіне мутазилиттердің тигізген әсері болды, сол себепті олар қияс (анология) тәсіліне көбірек табан тірейді. Араб тілі грамматикасы тақырыбында қалам тартқан өзге ғалымдар сынды аз-Замахшари да Құран Кәрім мысалдарын араб тілінің дұрыс, шынайы, нағыз басты қайнар көзі ретінде пайдаланған.

«Әл-Муфассал» есімдер, етістіктер, демеулік шылаулар, аралық (ортақ) мәселелерді, яғни есімдерге, етістіктерге, қосымшалар бірде қатысты идғам фонетикалық, хамзаның жұмсаруы, сәкиннің қатар келуі сынды ортақ мәселелерді өзек еткен төрт тарауға бөлінген. Аз-Замахшари грамматикада ең алдымен қиясқа (салыстыруға), естігеніне, араб тілінің мысалдарына иек артады. Оқымысты сүйенген қайнар көздер тек бір мектеп, бір бағыт аясымен шектелмейді, ол өзі қолданған қайнаркөзді бірде ашып айтса, енді бірде анық көрсетпейді. Аз-Замахшари көп жүгінген ғалым Әбу Бишар Әмр ибн Усман ибн Канбар Сibaуайһи (136 – 139/753 – 756 жылдар шамасында қ.б.), оның тікелей болмаса да шәкірті болған, екінші орында әл-Халил бин Ахмад әл-Фариһиди (718–791). Сондай-ақ әл-Ахфаш әл-Асуат (830 жылы қ.б.), Әбу Амр әл-Жарми (839 жылы қ.б.), Әбу Усман әл-Мазани (861– 863 жылдар шамасында қ.б.), әл-Мубаррад (826 – 898), әз-Зажжж, Әбу Амр бин Ала, Зайд Ансари, ибн Араби әл-Һашими (845 жылы қ.б.), Әбу Сайд Асмайи (740– 831), ан-Надр бин Шамил, Қутрубтың есімдері аталады. Куфа мектебінен әл-Кисайи (805жылы қ.б.) әл-Фарайи, Әбу Амр әш-Шәйбани (713–821), Бағдад тіл мектебінен ибн Жинни (1002 жылы қ.б.), ибн ас-Сәккит (858 жылы қ.б.), Әбу Әли әл-Фарсиді (900– 987) қолданғаны айтылады. Араб тілі біліміндегі бұрынғы Басра және Куфа мектебінен басқа үшінші бағыт – Бағдад мектебі Х ғасырдың бірінші жартысынан бастап, ибн Жиннидің ұстанымдары арқылы орныға бастағаны мәлім, оның араб тілінің ерекшеліктерін қозғаған еңбектерінде лек-

сикалық мәселелер сөз бен мағына, сөзжасамдық құрылым, сөздің мағынасы мен қолдануымен байланыста қарастырылса, ибн Фарси араб тілінің сөздік құрамы, лексиканы қолдануына қарай жүйелеу, түпкі және кірме лексика, сөздің тура, жанама мағынада қолданылуы, көпмағыналық, ономия, синонимия хақында баяндады. «Әл-Муфассалдың» алғы сөзінде Сибатуайһидің «Китабын», әл-Халил бин Ахмадтың «әл-Айни», ибн ас-Сәккиттің «Ислах л мантик» атты еңбегі ауызға алынады.

Соңғы кезде араб елдерінде жоғарыда аталған «әл-Муфассалға» жасалған шархтар жеке-жеке зерттеу нысанына айнала бастады.

«Әл-Муфассал» шархтарының бірі «әл-Икclid шарх Муфассалдың» («Муфассалды түсіндірудің кілтіннің») авторы – әл-Женди. Бұл кітаптың кіріспесі бірнеше беттен тұрады, ол Аллаға мадақ пен пайғамбарға салауат жасаумен басталып, одан соң араб тілінің грамматикалық ілімінің (иъраб) ислами ғылым салаларының ішіндегі маңыздылар санатында екендігі, шарифат үкімдерінің мәңгілік бақытқа апаратын жол екендігін, оның елшісіне түсірілген муъжиза – Құранға әсерін баяндайды, “әл-Муфассалдың” шәкірттер үшін маңыздылығын, оны терең түсінудің машақатты қиындығын ауызға алады. Хажі Халифа «Кашф аз-Зунун» атты кітабында «әл-Муфассалға» жасалған түсінік жасағандардың қатарында Хұсам ад-дин Хүсейн бин Әли ас-Сығнақиды атап, оның «әл-Муассал» аталғанын, бұл еңбектің «әл-Икclid» пен «әл-Муктабасты» қосқанын әрі үлкен жұмыс екенін, онда жазылғандай шархтардың ішінде жоғарғы екі түсініктей көлемділік пен қысқаның ортасында екенін, (ас-Сығнақидың) өзі айтқандай екеуінің авторымен көзі тірісінде кездескенін, Хорезмде «әл-Уәфи» кітабын бітіргеннен кейін 693(1294) жылы Кас (қаласында) Ханақаһ Аббасиде «әл-Муктабас» кітабының авторы әл-Фахр ад-дин әл-Әсфандаримен жолыққанын, әл-Әсфандари өтінген соң ижаза (куәлік) жазып бергенін» келтіреді (1775-б.). Хажі Халифаның бұл сөздерді тікелей «әл-Муассалға» иек артып жазғаны аңғарылады. Әл-Әсфандаридің толық аты-жөні: аш-Шейх Әбу Асим Али ибн Омар ибн әл-Халил ибн Али әл-Фақиһи, әл-Фахр ад-дин әл-Әсфандари (698/1298 жылы қ.б.), «әл-Муфассалды» түсіндірген еңбегінің толық атауы – «әл-Муктабас фи ма илтама фи шарх-л Муфассал».

Ас-Сығнақи өзіне дейін «әл-Муфассалға» жасалған шархтарды байыпты зерделеп, олардың тәжірибесін кеңінен кәдеге жаратқан. Әсіресе,

ортаазиялық, мәуэрәннәһрлік тілші-грамматистердің–әл-Әсфандари, әл-Хорезми, әл-Женди еңбектерінің тигізген әсер-ықпалы атап өтерліктей. Ибн әл-Хажіб әл-Мәликидің (646/1247 жылы қ.б.) «әл-Идах» («Түсіндіру») атты шарх кітабын да зерделеген. Автордың сөзіне қарағанда «әл-Муфассалға» жасалған шархтар көлемі жағынан ұзақ та, ықшам да, көп те, аз да болып келеді, ол өзі екі тамаша ғалымның екі шархы – «әл-Икclid» пен «әл-Муктабасының» ортасын ұстаған. «Әл-Муфассалға» жасалған шархтардың ішінде көлемі жағынан өте ауқымдылары да ұшырасады, олар ғалымдардың сөздерінен сілтемелер беріліп, олардың айырмашылықтарын жан-жақты баяндап, аз-Замахшари қозғаған тақырыптар арнасынан ауытқып кететін, мысал ретінде көп мәтіндер берілетін, тіпті, мұндай шархтар лингвистикалық, грамматикалық энциклопедияларды еске салатын. Ас-Сығнақи «әл-Муассал» кітабында өзіне дейінгі екі шарх кітабы – әл-Жендидің «әл-Икclid» және әл-Әсфандаридің «әл-Муктабасының» арасын қосқан, екі кітаптың жақсы жақтарынан бірінде жоғын екіншісінен алған. Оның себебі: «әл-Икclid» еңбегі кітаптың күрделі мәселелерін шешудегі, өлең жолдарын түсіндірудегі және сұрақ-жауаптарын қарастырудағы толыққанды түсініктеме болғандықтан (осы еңбекті пайдаландым). Алайда, бұл еңбекте «әл-Муктабас» кітабында көрсетілгендей қажетті түсініктемелер, барлық өлең жолдарының анықтамалары, оларды айтқан адамдардың есімдері және түсініксіз сұрақтарға жауаптар көрсетілмеген. Бірақ «әл-Икclid» кітабындағыдай өлең жолдардың мағыналарына берілетін кең анықтамалары «әл-Муктабас» еңбегінде де кездеспейді... Сондай-ақ бір ұғымды түсіндірудегі қайталанатын және бір-біріне ұқсамайтын түсініктемелер екі еңбекте де кездеседі. (Сондықтан екі еңбекті пайдаланғанда) қайталанатын сөздерді қалдырып бір еңбектегі кемшіліктерді басқа еңбекпен толықтырғым келді», – деп баяндайды.

“Әл-Икclidте” – аз-Замахшари аталмыш кітабына маңызды әрі дәлелді түсініктер беріп, айқын сілтемелерге жүгінген, тілдік әрі грамматикалық қағида-ережелерді тәптіштеген, дәйек ретінде Құран кәрім мен хадис шәріпке сүйеніп, белгілі мақал-мәтелдер, танымал сөздер, поэзиялық туындылар мен өлеңдер мысал ретінде келтіріледі. Әл-Женди қарастырған грамматикалық талдаулар басқа шархтардың ешқайсысында қайталанбайды. «Әл-Икclidте» сүйенілген қайнаркөздердің бір саласы – грамматика, филологияға қатысты жұмыстар. Еңбек-

те олардың кейбіріне сілтеме берсе, кейбіріне бермеген. Соның ішінде келесі кітаптарды атап өтуге болады: Сibaуайһидің (136 – 139/753 – 756 жылдар шамасында қ.б.), «Китабы», әс-Сайрафидің (385/995 ж.қ.б.) «Шарх абиат әл-Китабы», әл-Мубарридтің (285/898 ж.қ.б.) «Муктадабы», Ибн әл-Хажибтің (646/1246 ж.қ.б.) «әл-Идах фи шарх әл-Муфассалы», әл-Хорезмидің (617/1220 ж.қ.б.) «Тахмири», Абдулқаһир әл-Журжанидің (474/1078 ж.қ.б.) «Далаил әл-иғжазы», Ибн Жиннидің (392/1002 ж.қ.б.) «Сирру синағат ал-иғрабы», аз-Замахшаридің «Кашшафы», әл-Жауһаридің (393/1002 ж.қ.б.) «Сихахы», әл-Әзһаридің (370/990 ж.қ.б.) «Таһзиб ал-Лұғаты», ас-Саккакидің (626/1128-1229 ж.қ.б.) «Мифтах әл-улумі», әл-Майданидің (518 ж.қ.б.) «Мажмағ ал-амсалы», аз-Замахшаридің «Мустақсасы», әл-Фарисидің (377/997 ж.қ.б.) «Такмиласы».

Әл-Жендидің «әл-Икclidі» – «әл-Муфассалдың» түсініксіз, анық көрсетілмеген тұстарын аша түскен, грамматикалық мәселелерге дәлел ретінде Құраннан, хадистен, атақты адамдардың сөздерінен, поэзиялық үлгілерден, раджаз өлшеміндегі өлеңдерді береді, мысал ретінде келтірілетін «Құран» аяттары 400-ге жуықтаса, хадистер саны – 19, сахабалардың сөзі (асар) – 13, мақал-мәтелдер мен арабтардың сөзі 80-ге жуық. Әл-Женди басты мәселелерде аз-Замахшариге қосылса да, кейбір мәселелерде келіспеушілігін білдіріп, өзінің уәждерін кеңірек баяндайды. Аз-Замахшаридің «әл-Муфассалына» түсіндірушілер әр түрлі әдісті қолданды, әр қырынан келді десек, «әл-Икclid» қандай тәсілді ұстанды деген сұраққа жауап беріп көрелік.

Біріншіден, шархтар көлемі жағынан шағын, орташа және үлкен болып келеді. Ал әл-Женди осы еңбегінің қорытынды бөлімінде тым кішкентай да емес, тым ұзартып созбай, қақ ортасын алғандығын: *«Мен орта жолды ұстануды дұрыс көрдім, өйткені шағын етіп жазғандардың жұмыстары толық болмай жатады, жұрттың көңілінен шығуы үшін іздеген жауаптарын тапсын деген ниетпен осы әдісті таңдадым»* – деп көрсетеді.

Екіншіден, шархтаушылардың бір тобы «әл-Муфассалдың» мәтінін толықтай беріп, содан кейін түсіндіруге кіріскен, не бір бөлімді, не азат тұтастай жолды келтіріп, осы мәтіндегі сөздерге жеке-жеке тоқталған. Ал әл-Женди бұндай әдістен әдейі қашқақтап, мәтінді толық бермей, тек оның алғашқы тіркесін алып, соған түсіндірме жасаған.

Үшіншіден, ұстаз бен шәкірт арасындағы оқытудың ұтымды әдісі дерлік грамматикалық

сұхбат жүргізу тәсілін көп кәдеге жаратқан. Ол оқушыны толғандыра сауалдарды ортаға шығарып, оған аз-Замахшари қалай жауап берген болар «шынында бұл сұрақтың жауабы қалай болар» дегендей қызықтыру, қабылдауға жеңілдетер жолды әдейі кеңінен пайдаланған. Әрине мұндай грамматикалық сұхбат тәсілі басқа шархтарда да кездеседі, тек біреулері тым сирек, ал екіншілері бұндай құралға көбірек жүгінген. Ал «әл-Икclidтің» ерекшелігі – осы сұрақ-жауап түріндегі амалды молынан қолдануында.

«Әл-Икclidте» Құран кәрімнен дәлел ретінде аяттар жиі алынған. Сөзіміздің айғағы – төрт жүзден аса аяттың келтірілуін айтар едік. Оқымысты кітабының кіріспесінде: *«грамматикалық талдау (иғраб) ілімі – ислами ғылымдардың негізгі сатыларының бірі, сол сатымен жоғары көтеріле алған адам мәңгілік бақытқа бөленіп, соның әсерін сезінеді, сонда ғана жемісін жей алады, Құран жауһарын дұрыс жолмен жүргенде ғана ұстай аламыз, Құран – елшілердің мырзасының пайғамбарлығының керемет құжатындай, Алла сөзін білімсіз түсіндірме жасағысы келгендерге қасиет келсін, олар бұндай қасиетті істен аулақ жүрсін»* – деген. Ғұламаның осы шығармасын жазудағы көздегені – Құран аяттарын түсіндіру, оның дұрыс оқытылуын үйрету болған, осы ізгі мақсатына жету үшін аяттардың құрылымын, оның сөздерінің грамматикалық тұрғыдан дұрыс талдай білуді аса қажеттілік деп есептеген. Оқымысты Құран аяттарының бүкпелі астарларын ашып, жан-жақты түсіндіруде тереңдеп, айтарлықтай жетістікке қол жеткізді. Басқа мәтіндерде ұшыраспайтын шешендіктің мысалдары қажет болғанда Алла сөздеріне сүйенеді, аяттарды келтіру алдында «дәлелді қажет етпейтін мысалдар», немесе «былай оқылады», не «былай айтылады» деген тіркесті қолданады. Жалпы филологтар грамматика мәселелерін саралаған кезде хадиске дәлел етіп табан тіреуден тартынған, кейін бұл дәстүр сақталмай, хадиске жүгіну жиіленген. Тілші ғалымдардың көзқарастары бойынша хадис ауызша тізбекпен ұласқан риуаят, оны таратушылардың дені арабтанған жат жұрттар, олар өз тілдерінің ықпалында, грамматикалық құрылымдарды сақтай бермеген, тек мағынаны жоғалтпауды мақсат еткен, сол себепті грамматика зерттеушілері хадисті әлсіз айғақ деп санаған. Ал аз-Замахшари хадисті дәлел санатында алуға қарсы болмай, өзі жиырмаға тарта хадисті келтіргенімен, оларды грамматикалық мәселелерге қатысты тұстарда қоспай, тек тілдік мәселелер-

ді талдаған кезде ғана ұсынған. Әл-Женди мақал мен қанатты сөздерді тілге тиек еткенде құр келтіріп қана қоймай, олардың шығу жағдайы мен қолданылатын сәттеріне қатысты ой өрбітеді. Осындай қанатты сөздер саны – «әл-Иқлидте» 80-ге тарта болса, олардың көпшілігі әл-Майданидің «Мажмуа әл-Әмсал» кітабынан алынған. Ғалым өз түсіндірмелерінде айшықты айғақ ретінде араб поэзиясының көркем үлгілерін кеңінен мысал етіп, әдеби тілдің байлығын жарқырата көрсетуді дiттеген. Өлең жинақтарына көптеп сілтеме жасаған. Зерттеуде өлеңдері берілген араб ақындарының ғұмыр кешкен дәуірлері әр алуан, олар: жәһилия дәуірі, ислам кезеңі, жаңа заманның шайырлары. Мәселен жәһилия дәуірінен Әмру Қайс, Тарафа, Зуһайр, Алқама, әл-Ааша, Әмру бин Қулсум, Антара, Хатим, Харис, ислам дәуірінің Умар бин Әби Рабиа, Жарир, әл-Ахтал, әл-Фараздак, ибн Миада, ибн Харама, әл-Ажаж, кейінгі кезеңнен ибн ар-Руми, Әбу Фирас, әл-Хамадани, әл-Мутанабби, Әбу Нуас т.б. таланттардың жыр кестелерін айғақ ретінде орынды пайдаланған.

Әл-Женди «әл-Муффасалға» арқау болған қағидаларды құр түсіндірумен қанағаттанып қалмай, онда әрбір тұжырымға қатысты өзінің көзқарасын еркін білдіріп отырған. Оқымысты негізінен аз-Замахшаридің ойларын құптаса да, кейбір мәселелерге байланысты атақты ғалымның түйіндеріне де келіспей, өз пікірлерін бүгін қалмай ашық айтудан тартынбаған. Мұндай жағдайларда басқа грамматика білгірлерінің сөздерін келтіріп, талдауды кеңінен тарқата түседі. Мұхаммад Ахмад Әли Әбу Китаһ ад-Даруш өз зерттеуінде ғалымның көрсеткен аз-Замахшаридің еңбегіндегі кейбір жаңылыс тұстарға тоқталады (Мұхаммад Ахмад, 2002:77-82). «Әл-Иқлидте» Басра мен Куфа лингвистикалық мектептерінің арасындағы даулы мәселелер де қозғалған, әл-Женди мұндай пікірталасты мәселелерде әуелі куфалықтардың пікірлерін келтіріп, артынша оған қарсы ой айтып, көбінесе дәлелдері күштірек деген уәжбен Басра мектебінің ұстанымдарын қуаттайды. Ол осылай әртүрлі пікірлерді талқылап дұрысын табуға тырысқан.

Автор бұл шархында басты назарды қиын сұрақтарға жауап табуға салғандықтан ауыр жолды таңдаған, сөздердің ишаралы жасырын

мағынасын ашуға ұмтылып, оның тұңғығына терең бойлайды, ғалымдардың сөздеріне жүгінеді, терминдерді жиі қолдануы кітапты күрделендіре түскен.

Еңбек синтаксис пен морфологияға арналған. Кітапта ескертпелер барынша көп берілген. Кітаптың авторы кіріспеде: «Осы «әл-Иқлид» деп аталатын кітапта астарлы мағыналарды, сөз сиқырларын жинадым», – деген. Мен бұл кітапты зерттеу барысында үлкен тіл қазынасына тап болғандай сезінесін. Жұмыста синтаксис пен морфология ережелері ғана емес, жүздеген сөздердің мағыналары қамтылған. Бұл жерде автор мен түсіндірушінің тақырыптары мен жүйелерін анықтау мақсатында кітап пен түсіндірменің тарауларды бөлу стильдерін айта кеткен жөн болар. Автор «әл-Муффасалды» төрт тарауға бөлген: есімдер, етістіктер, жалғаулар (*хуруф*) және ортақ сөздер (*муштарак*). Әр тарауды бөлімдерге, әр бөлімді тақырыптарға бөлген. Түсіндіруші де осы тәсілді қолданған.

«Әл-Иқлид»те басқа да грамматика кітаптары сияқты ережелер, бұрынғылардың морфология, синтаксис және сөздіктерге қатысты таңдаулы зерттеулерінен үзінділер қамтылған.

«Әл-Муффасалдың» мәтіні әл-Жендидің түсіндірудегі сүйенген негізі саналады. Ғалым оны құрылымы мен мағынасы жағынан түсіндіріп, талдау жасайды. Үкімдерді анық баяндайды. Ол синтаксис ережелерін зерттеген, мысалдары мен талас-тартыс тудырған мәселелерін және дәлелдерін келтірген. Әрқайсысына тоқталып, ондағы сөздерге, мағыналарға және риуаяттарға назар аударған. Кітап осынысымен пайдалы әрі құнды.

Қорытынды

«Әл-Иқлидте» синтаксис пен морфология ережелері тәптіштеліп, әрқайсысының мән-мағынасы туралы сараланған. Әл-Женди кітапты оқыту, ағарту және ой-сананы ояту мақсатында жазғандықтан түсіндіру барысында оңайлатуды, жеңілдетуді көздеген.

Кітапта логикалық (мантиқи) тәсілдер де пайдаланылған. Автор өзі қолдайтын пікірлерді егжей-тегжейлі өте түсінікті баяндап, сонан соң өз көзқарасын дәлелдеп ұсынған.

Әдебиеттер

Муминов Аширбек. (2008). Присирдарьинские ханафиты в VI–VIII / XII–XIV веках. Исламтану және араб филологиясы мәселелері. – Алматы.

- Әбсаттар қажы Дербісәлі. (2016). Руханият және өркениет. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы.
 Қауам ад-дин эл-Итқани эл-Фараби. (2016). Эл-қасида маусума би лалали эл-масунат фи сарф уа шархиһа. – Алматы.
 Муминов А.К. (2015). Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. – Алматы.
 Шамшәдин Керім. (2017). Қауам ад-дин эл-Итқани эл-Фараби – ғұлама ғалым, ақын. – Алматы.
 Шамшәдин Керім. (2012). Сығанақ саңлағы. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы.
 Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі. (2008). Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы

جامعة الإمام محمد بن سعود الإسلامية. المفصل في صنعة الإعراب للزمخشري. لأبي القاسم الزمخشري. محمد بن عمر بن محمد الخوارزمي المتوفى 528 هـ. تحقيق: الدكتور خالد إسماعيل حسان. الناشر مكتبة الآداب القاهرة، 2006 م. الإقليد في شرح المفصل: لتاج الدين أحمد بن محمود بن عمر الجندي (ت: 700 هـ) رسالة ماجستير. تحقيق: مصطفى سالم المازق: كلية الآداب، جامعة مصر اثة ليبيا العام الجامعي 2005-2006

الإقليد في شرح المفصل: لتاج الدين أحمد بن محمود بن عمر الجندي (ت: 700 هـ) رسالة ماجستير. تحقيق: مصطفى سالم المازق: كلية الآداب، جامعة مصر اثة ليبيا العام الجامعي 2005-2006
 الحصائل في علوم العربية وتراثها: بحوث ورسائل ونصوص محققة – السفر الثالث رسائل محققة ونصوص – صنعة دكتور محمد أحمد الدالي – دار النوادر 2011 -العجالة في تفسير الجلالة
 كشف الظنون عن أسامي الكتب والفنون، لمصطفى بن عبد الله القسطنطي لارومي الشهير بالملا كاتب الحلبي، المعروف بحاجي خليفة، (1067/1070 هـ)، دار الفكر، المكتبة الفيضانية بمكة المكرمة
 الموصل في شرح المفصل، لحسام الدين السعناقي (ت 714 هـ) قسم الأسماء حتى نهاية مبحث الكنايات. (دراسة وتحقيق) رسالة مقدمة لنيل درجة الدكتوراه في اللغة العربية. إعداد الطالب أحمد حسن أحمد نصر. المملكة العربية السعودية جامعة أم القرى – مكة المكرمة كلية اللغة العربية. 1998م/1419هـ
 المشتبه في الرجال أسمائهم وأنسابهم لأبي عبد الآه محمد بن أحمد الذهبي/ت848هـ/181/1/تحقيق علي محمد الجاوي-مطبعته الحلبي

References

- Ashirbek Muminov. (2008). The Sirdarya Hanafites in the VI-VIII/XII-XIV centuries. Problems of Islamic studies and Arabic philology.
 Absattar kazhy Derbisali. (2016). Spirituality and civilization. Research and articles.
 Kauam ad-din al-Itkani al-Farabi. (2016). Al-kasida mausuma bi lalali al-masunat fi sarf ua sharhiha. – Almaty.
 Muminov A.K. (2015). Hanafi mazhab in the history of Central Asia. – Almaty.
 Shamshadin Kerim. (2017). Kauam ad-din al-Itkani al-Farabi – gulama galym, akyn. – Almaty.
 Shamshadin Kerim. (2012). Syganak sanlagy. – Almaty. Nur-Mubarak baspasy.
 Sheih Absattar kazhy Derbisali. (2008). Monuments and diamonds of Islam. – Almaty.
 Al-mufassal fi sungati al-igrab li-Zamahshari Abu al-Kasym. Al-islamiya sygyd Muhammad bin al-imam zhamiga az-Zamahsharu Mahmud bin Umar bin Muhammad al-Hauarizmi 528 h. Tahkik: ad-duktur Halid Ismail Hassan. Umar bin Mahmud bin Ahmad ad-din li-taj: al-mufassal sharh fi an-nashr maktabatu al-adab. Al-Qahira, 2006 m. al-aklid zhamigatu misriya. Kulliya al-adab: Mustafa Salim al-Mazik: Tahkik. Risala mazhistir h. 700 (al-Zhindi Libiya al-gam al-zhamigi 2005-2006).
 Al-Iklid fi sharh al-mufassal: li-Taj ad-din Ahmad bin Mahmud bin Umar al-Zhindi (700 h.) Risala mazhistir. Tahkik: Mustafa Salim al-Maziq: Kulliya al-adab, Zhamiga misriya Libiya al-gam al-zhamigi 2005-2006.
 Al-hasail fi ulumi al-arabiya ua turasuha – buhus ua rasail ua nususu muhaqqqaqa – sungatu duktur Muhammad Ahmad ad-Dali – Daru an-nauadir 2011 – al-Azhalatu fi tafsiri al-zhalala.
 Kashfu az-zunun gan asami al-kutub ua al-funun, li Mustafa bin Abdulla al-Kastanati ar-Rumin bi al-Mulla katib al-zhalabi, al-magruf bi Haji Halifa, 1017-1067 h. Daru al-fikr, al-maktabatu al-faisiya bi Makka al-Mukarrama.
 Al-Muassal fi sharh al-mufassal, li Husam ad-din as-Signaqui (714 h.) qismi al-asma hatta nihaya mabhas al-kinayat. (Dirasa ua tahkik) Risala mukaddima li naili darajati duktura fi al-luga al-arabiya. Igdad at-talib Ahmad Hasan Ahmad Nasr. Al-mamlakatu al-arabiya as-sugudiya zhamigaty ummu al-kura – Makk al-Mukarrama kulliya al-luga al-arabiya. 1998 m. 1419 h.
 Al-Mushtabah fi ar-rizhal asmaihim ua ansabihim li Abi Abdulla Muhammad bin Ahmad az-Zahabi 848 h. Tahkik Ali Muhammad al-Bazhau – Matbagatu al-halabi.